

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға арналған Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 ақпандағы N 172 Қаулысы

2005 жылғы жылыту маусымының күрделі ауа райы жағдайындағы Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласын жылумен жабдықтау және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы объектілерінің тұрақты жұмысын, халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шығыс Қазақстан облысының әкіміне 2005 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен көмір сатып алуға 100000000 (бір жүз миллион) теңге және Семей қаласының қазандықтары мен жылу жүйелерінде авариялық қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу үшін 200000000 (екі жүз миллион) теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Шығыс Қазақстан облысының әкімі Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігіне орындалған жұмыстардың көлемдері мен құны туралы есеп берсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі